

Г.С. Ешнияз^{1*}, М.С. Жолшаева², Л.Т. Алимтаева³

¹Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Қазақстан, Алматы қ.

²Сулейман Демирель атындағы университет, Қазақстан, Алматы қ.

³Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: yeshniyaz@gmail.com

МОДАЛЬДІЛІК КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ ТИПОЛОГИЯСЫ

Мақалада күрделі семантикалық категория саналатын модальділікке қатысты типология жасау және оның ұстанымдары қарастырылады. Кез келген сөйленімге модальдік реңк тән болып келеді. Модальдік мағына сөйлемнің бейтарап негізі саналатын пропозицияға түрлі қосымша мағына үстеп, қарым-қатынасты жандандыруға ықпал етеді. Сөйленім іс-әрекеттің іске асуының мүмкіндігін болжайды, міндеттілігін, қажеттілігін анықтап, сөйлем субъектісінің сөйленімде берілген іс-әрекетті орындай алуға қабілетінің бар-жоғын, қалауын және басқа да түрлі үстемелі мағыналармен зерделенеді. Осы сөйленім реңкінің әр алуандығы және бұл реңктердің субъектінің көзқарасына тәуелділігі модальділік категориясының өзектілігі мен күрделілігін анықтайды. Сондықтан модальділік категориясының мәнін дұрыс тану мен түсіну сала мамандары үшін ғана емес, тілді тұтынушылар үшін де маңызды. Философия мен логикадан бастау алып, лингвистикада жалғасын тапқан модальділік категориясына қатысты өзекті мәселелердің бірі – модальділік категориясының типологиясы. Бұл еңбекте мақала тақырыбына қатысты отандық және шетелдік тіл біліміндегі зерттеулер жан-жақты талданып, аталған категорияның теориялық негізін анықтау мақсаты қойылды. Жасалған талдаулар негізінде модальділік категориясының мазмұны, субкатегориялары көрсетіліп, осы саладағы типологиялық, салыстырмалы-салғастырмалы талдаулар мақалаға ғылыми теориялық негіз болды. Зерттеу барысында сипаттама, талдау, қорыту, салыстыру әдістері қолданылды. Нәтижесінде, модальділік категориясы сөйлем пропозициясына үстелген мағыналық реңктер ретінде түсіндіріліп, олар қажеттілік және мүмкіндік ұғымдары тұрғысынан зерделенді. Модальділіктің ішкі және сырқы, эпистемологиялық модальділік түрлері ажыратылып, олар қажеттілік және мүмкіндік парадигмалары негізде жіктелді.

Түйін сөздер: модальділік, ұстаным, типология, объективті модальділік, субъективті модальділік, субкатегория.

G.S. Yeshniyaz^{1*}, M.S. Zholshayeva², L.T. Alimtayeva³

¹Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Kazakhstan, Almaty

²Suleiman Demirel University, Kazakhstan, Almaty

³Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: yeshniyaz@gmail.com

Typology of modality category

The article studies the typology and the domain of one of the complex linguistic categories – modality. Our speech is glossed with a modal meaning. Modal meaning is defined as an overlaying meaning added to the proposition which is considered as the most neutral base of a sentence and enlivens our communication. Speech can predict the possibility, obligation and necessity of the action fulfillment and examine the ability, and desire of the subject of the sentence to perform the action given in the sentence including other overlaying meanings. The diversity of these connotations of speech and the dependence of them on the subject determines the relevance and complexity of the category of modality. Therefore, it is of paramount importance to understand the essence of modality not only for linguists, but also the language users. Despite the fact that studies of modality harks back to philosophy and logic, there are still relevant issues which require attention in the field. One of those topical issues is typology of modality. The article aims to examine foreign and local scientific works on modality and identify the theoretical architecture of modality category. In the result of our analysis, the scope and subcategories of modality were defined, and typological, cross-linguistics analysis served as a theoretical base for the article. The descriptive, analytical and comparative methods of linguistics were used in the study. As a result of the study, we define the category of modality as an overlaying meaning to the proposition and analyze it using necessity and possibility concepts. Distinguishing in-

ternal and external modality, as well as epistemological modality types, we classify them on the basis of necessity and opportunity paradigms.

Key words: modality, scope, typology, objective modality, subjective modality, subcategory.

Г.С. Ешнияз^{1*}, М.С. Жолшаева², А.Т. Алимтаева³

¹Университет Международных отношений и мировых языков
имени Абылай хана, Казахстан, г. Алматы

²Университета имени Сулеймана Демиреля, Казахстан, г. Алматы

³Казахский национального университета имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: yeshniyaz@gmail.com

Типология категории модальности

В статье исследуется типология и предметная область одной из сложных лингвистических категорий – модальности. Наша речь наполнена модальным значением. Модальное значение определяется как дополнительное значение, добавленное к пропозиции, которое считается наиболее нейтральной основой предложения и оживляет наше общение. В речи мы можем предсказать возможность, обязанность и необходимость совершения действия и определить способность, желание субъекта предложения совершить данное в предложении действие, в том числе и другие накладывающиеся значения. Разнообразии этих речевых коннотаций и зависимость их от субъекта определяет актуальность и сложность категории модальности. Поэтому понимание сущности модальности имеет первостепенное значение не только для лингвистов, но и для пользователей языка. Несмотря на то, что исследование модальности берет свое начало от философии и логики, все еще остаются актуальными вопросы, требующие внимания в этой области. Одной из таких проблем является типология модальности. В статье ставится задача изучить зарубежные и отечественные научные работы по модальности и выявить теоретическую основу категории модальности. В результате нашего анализа были определены объем и субкатегории модальности, а теоретической базой статьи послужил типологический, кросс-лингвистический анализ. В исследовании использовались описательный, аналитический и сравнительный методы языкознания. В результате исследования мы определяем категорию модальности как наложенные значения на пропозицию и анализируем его с использованием понятий необходимости и возможности. Выделяя внутреннюю, внешнюю модальности, а также эпистемическую модальность, мы классифицируем их на основе парадигмы необходимости и возможности.

Ключевые слова: модальность, сущность, типология, объективная модальность, субъективная модальность, субкатегория.

Кіріспе

Модальділік – күрделі семантикалық категория және бірнеше зерттеу еңбегіне нысан болуына қарамастан оның табиғатын тануға қатысты ғылыми пайымдауларда әлі де бірізділік жоқ. Байби мен Перкинс атап көрсеткендей, модальділік категориясына нақты анықтама беру мүмкін емес (Bybee & Perkins, 1994:176). Мұндай қорытынды жасаудың өзіндік себептері бар: модальділік категориясының негізгі мәні мен болмысын анықтаудағы бірізді тұжырымның болмауы, бірқатар ғалымдар модальділікті субъектілікпен бір деп таныса, енді бір тобы модальділіктің субъективті және объективті болмысын теңестіре қарастыруы; модальділік мағынасының кең ұғымда түсінілуі және оның шегінің нақты анықталмауы; модальділіктің семантикалық мазмұн аясында қамтылатын мағыналар мен ол шеңберден тыс қалатын мағыналық реңктердің айқындалмауы;

модальділік категориясының бірқатар еңбектерде түрлі субкатегориялардың жиынтық мағынасы тұрғысынан анықталуы. Бұл айтылған жайттар модальділік категориясының табиғатын тануды қиындата түседі. Перкинс модальділік мағынасының құрылымын анықтауды «әр адамның бір бәлішті түрліше кесу» әрекетімен теңестіре қарайды (Perkins, 1983:10). Ал Ф.Науце модальділіктің нақты, дұрыс типологиясының болуы мүмкін еместігін айта келе, дегенмен зерттеу жұмысының мақсатына сай келетін типология жасауға болатындығын ескертеді (Науце, 2008:12).

Модальділік категориясы, көбінесе, ортақ мағыналы категориялар немесе ұғымдарды біріктіретін гиперкатегория ретінде анықталады. Солай бола тұра, гиперкатегория құрамына енетін категорияларға байланысты қолданылатын терминдерде бірізділік жоқ. Нәтижесінде бір субкатегория түрлі терминдермен аталып жүрсе, керісінше, мағына жағынан

айырмашылыққа ие болып келетін категорияларды атауға бір термин қолданылады. Мәселен, батыс тіл білімінде модальділік категориясы үш *динамикалық* (ағыл. *dynamic*), *деонтикалық* (ағыл. *deontic*) және *эпистемологиялық* (ағыл. *epistemic*) аспектіден қарастырылады. Фон Райт эпистемологиялық модальділікті «білу пайымы», деонтикалық модальділікті «міндеттеме пайымы» деп анықтаса, динамикалық модальділікке «қабілеттілік пен икемділікті» білдіретін ұғымдарды жатқызады (G. Von Wright, 1951:4). Модальділікке қатысты бұл жіктеме лингвистикада кең қолданылады.

Тіл білімінде эпистемологиялық модальділіктің семантикасы сөйлеушінің айтылған ойдың ақиқаттығына сенімділік деңгейін көрсетеді. Ал деонтикалық, әсіресе динамикалық модальділік мағыналарын анықтауда бірізді тұжырым жоқ. Сонымен қатар, зерттеушілер арасында модальділікті *объективті* және *субъективті* деп ажыратып, түрлі субкатегорияларды осы екі макрокатегориядан тарату үрдісі де бар.

Қазақ тіл білімінде модальділік категориясы алғашқы кездері жеке категория ретінде емес, осы категорияның тұрпат межесін құрайтын жеке тілдік бірліктер тұрғысынан зерттелді. Мәселен, Е. Жанпейісов (1959) және Қ.Мамаділов (1996) зерттеулеріне модальді етістікті құрылымдар мен олардың мағыналары нысан болса, О.Төлегенов (1968) еңбегінде рай категориясы модальділік категориясының көрсеткіштері ретінде талданады және бұл зерттеу жұмыстарында тілдің формальды жағына басымдық беріліп, тіл белгілі бір құрылымдардан тұратын жүйе ретінде қарастырылады. Тілтанымдағы бір ғана модальділік категориясының эпистемологиялық және бейэпистемологиялық модальділік тұрғысынан түсіндірілуі, объективті және субъективті модальділік деп қарастырылуы аталған категория типологиясына қатысты түрлі ұстанымдардың басшылыққа алынғанын байқатады. Десек те, тілдік категорияның толыққанды сипатын танауда көрсетілген бағыттағы зерттеулерді талдап, типологиясын көрсету модальділік категориясының табиғатын толық әрі жан-жақты түсіну үшін маңызды. Категорияның мазмұн межесінің айқын болуы сөйлеуші мен тыңдаушы (автор мен оқырман) арасындағы коммуникативтік қатынастың мақсатқа жетуін қамтамасыз етсе, аударма саласы үшін түпнұсқа мәтіндердің дәлдігін сақтауға оң ықпалын тигізеді.

Материал және әдістер

Мақалада тақырыпқа қатысты отандық және шетелдік зерттеу еңбектеріндегі теориялық пайымдаулар талдау материалдары ретінде нысанға алынды. Олар түсіндіру, сипаттау, талдау және қорыту, салыстыру, салғастыру әдіс-тәсілдері арқылы зерделеніп, тиісті тұжырымдар жасалды. Нәтижесінде модальділік категориясын сөйлем пропозициясына үстелген қосымша мағынаны ретінде интерпретацияланды. Модальділіктің ішкі және сыртқы түрлері ажыратылып, атап айтқанда, модальділік категориясына қатысты екі бағыттағы зерттеулер талданды.

Әдебиеттерге шолу

Модальділік категориясының типологиясына қатысты еңбектерді топтастыра отырып қарастыруға болады. Бұл топтау модальділікке қатысты типология жасаудағы ұстанатын бағыттарға қатысты болып келеді. Жалпы модальділік категориясы зерттеу жұмыстарында екі бағытта қарастырылады. Бірінші топ өкілдері модальділікті үш субкатегорияға сараланса, екінші топ модальділіктің объективті және субъективті сипатын бірінші орынға қояды. Ал үшінші топ осы көрсетілген екі бағытты біріктіре отырып, модальділікті екі өлшем тұрғысынан зерттейді: бағалау нысаны және бағалау аймағы (Hengeveld Kees, 2001:1190]. Алғашқы бағыт өкілдері модальділік категориясын үшке саралап қарастырады: эпистемологиялық, деонтикалық және динамикалық модальділік. Бұл бағыттағы топтың өкілдерінен Палмер (1986; 1990; 2001), Байби және Перкинс (1994), Дж. Коутс (1983), Аувера мен Плунгиан (1998) еңбектеріне талдау жасалып, ондағы модальділік типологиясына қатысты тұжырымдар өзара салыстырылды. Екінші бағыттың өкілдері бұл категорияның типологиясына жасауда модальділікке объективтілік және субъективтілік белгілерді негіз етіп алады. Осыған сәйкес модальділік түрлерін субъективті модальділік және объективті модальділік деп ажыратады. Үшінші топтың өкілдері алғашқы екі бағытты біріктіре отырып, модальділікті бағалау нысаны және бағалау аймағы тұрғысынан қарастырады. Бұл орайда Хенгевельдтің (2001) еңбектеріндегі тұжырымдар талданып, салыстырмалы қорытынды түйіндер жасалды.

Нәтижелер мен талқылау

Модальділік категориясының типологиясына қатысты екі түрлі жіктеме бар. Біріншісі – эпистемологиялық, деонтикалық және динамикалық модальділік; екінші субъективті және объективті модальділік. Алғашқы бағыттың өкілдерінің бірі Палмер модальділік категориясының негізін субъективтілік деп анықтап, модальділіктің өзін «сөйлеуші ойы мен көзқарасының грамматикалануы» деп таниды, модальділіктің екі түрін көрсетеді: эпистемологиялық және деонтикалық модальділік. Эпистемологиялық модальділік семантикасына сөйлеушінің пропозицияға қатысты тұжырымын және «өз ойын негіздеген ақпаратты» жатқызады. Деонтикалық модальділікті рұқсат беру, міндеттеу және уәде беру немесе қорқыту мағыналарына ажыратады (Palmer, 1986). Модальділіктің ұсынылған екі түрінде де тұжырым мен міндеттілік сөйлеушіден шығады. Палмер динамикалық модальділік сөйлеушімен байланыссыз деп санап, онда субъективтілік реңтің болмауына байланысты модальділік мағына қатарына енгізбейді. Алайда ғалым өзінің “Modality and English modals” еңбегінде жіктемесін қайта қарап, модальділікті үшке бөледі: *эпистемологиялық*, *деонтикалық* және *динамикалық* модальділік. Модальділіктің бұл үш түрі мүмкінділік пен қажеттілік мағыналары тұрғысынан байланыстырылып, іштей сараланады: эпистемологиялық мүмкіндік және эпистемологиялық қажеттілік; деонтикалық мүмкіндік және қажеттілік; динамикалық мүмкіндік пен қажеттілік (Palmer, 1990). Мысалы, 1А және 1Б мысалдары эпистемологиялық және деонтикалық мағынаға ие, 1А мүмкіндік деңгейін білдірсе, 1Б қажеттілік деңгейін көрсетеді: 1А) *Meruert may be there now. It is possible that Meruert is there* – *Меруерттің сол жерде болуы мүмкін* (эпистемологиялық мүмкіндік); *It is possible for Meruert to be there* – *Меруерт сол жерде бола алады* (деонтикалық мүмкіндік). 1б) *Meruert must be there now. It is necessary that Meruert is there* – *Меруерт сол жерде болуы керек* (эпистемологиялық қажеттілік); *It is necessary for Meruert to be there* – *Меруерт сол жерде болуы қажет* (деонтикалық қажеттілік). Палмер сұраулы сөйлемдерде және рұқсат сұрау мағыналарында деонтикалық мағына сөйлеушіден емес тыңдаушыдан бастау алады деп, модальділікті субъектіге емес, дискурсқа бағытталған деп тұжырымдайды. Бұл тұжырым автордың ‘Mood and modality’

жұмысында ұстанған модальділіктің субъективтілік болмысына қайшы келеді. Алайда Палмер соңғы еңбектерінің бірінде модальділіктің субъективтілік болмысын жоққа шығарып, «модальділік іс-әрекетті сипаттайтын пропозицияның статусымен байланысты» анықтайды (Palmer, 2001:1).

Модальділік категориясының зерттелу тарихында динамикалық және деонтикалық модальділікті бірге қарастырылуының өзіндік ұзақ тарихы бар. Бұл жайында Н.Р.Хофманн (1976), Н.Дженкис (1972:25), Р.Д.Хаддлстон (1976:85), Е.Е. Суестер (1982:484) еңбектерінде айтылған. Негізгі модальділік деп атай отырып, динамикалық және деонтикалық модальділікті бірге қарастыратын Дж. Коутс модальділік категориясының табиғатын түсіндіруде модаль мәнді етістіктерге функционалды-семантикалық өріс теориясы тұрғысынан келеді. Оның пайымдауында, өріс ядросында негізгі модальді мағына орналасса, периферияда жалпы модальдік мәні көрініс табады. Мысалы, ағылшын тіліндегі *may* негізгі модальділік мағынасында өріс ядросына «рұқсат беру» мағынасы орналасса, периферияда жалпы «мүмкіндік» мағынасы көрініс береді (Coates, 1983:13). Ғалым модальді етістік мағыналары өзара байланысты үзіктерден тұратындығын айта келе, Палмер ұсынған әр мағынаны бөліп қарастыру ұстанымын қолдамайды (Coates, 1983:20-21). Бұл зерттеу эмперикалық мысалдарға негізделгенмен, модальділік категориясына анықтама берілмейді, модальдік мағына модаль мәнді етістіктердің мағыналары жиынтығынан тұрады деген қорытынды жасалады.

Байби және Перкинс динамикалық және деонтикалық модальділікке өзгеше атау ұсынады: *агенске бағытталған модальділік* және *сөйлеушіге бағытталған модальділік*. Агенске бағытталған модальділік «баяндауышта берілген іс-әрекетті агеністің іске асыруына қолайлы ішкі және сыртқы жағдайлардың болуын білдіреді» (Bybee & Perkins, 1994:132). Сөйлеушіге бағытталған модальділікте сөйлеуші тыңдаушыға шарт қояды. Мұнда агенске бағытталған модальділік Палмер ұсынған динамикалық модальділік мағынасына сәйкес келеді және қабілеттілік, мүмкіндік және қажеттілік мағыналарын қамтиды. Сонымен қатар, аталған модальділік мағынасына ғалым «баяндауышта берілген іс-әрекетті агенстің орындауына итермелейтін сыртқы, қоғамдық жағдайлардың болуын» білдіретін міндеттілік мағынасын да жатқызады. Сөйлеушіге

бағытталған модальділік деонтикалық модальділік мағынасымен сәйкес келеді және іштей императив, пермиссив, прохибитив, оптатив, хортатив деп сараланады, авторлар өз тарапынан бағыныңқы сөйлемде болатын бағыныңқы модальділік пен эпистемологиялық модальділікті қосады (Bybee & Perkins, 1994:177). Модальділікке қатысты бұл типологияда мынандай екі жайт байқалды: а) ұсынылған жіктеуде агенске бағытталған міндеттілік пен сөйлеушіге бағытталған міндеттіліктің аражігі ашылмаған. Біздіңше, агенске бағытталған міндеттілікте іс-әрекеттің іске асуына сыртқы фактор ықпал етсе, сөйлеушіге бағытталған міндеттілікте сөйлеуші итермелеуші фактор болады да, жалпы қажеттілік сыртқы және ішкі қажеттілікті қамтиды; ә) ал императив, пермиссив, прохибитив, оптатив, хортатив мағыналарын негізгі иллокуция деп таныған жөн сияқты, себебі «иллокуция сөйлемді сөйлеу актісінің бір түрі ретінде қарастырса, модальділік сөйлеу актісінің мазмұнын түрлендірумен байланысты» (Hengeveld Kees, 2001:1190).

Байби мен Перкинстің ойын толықтыра отырып, Аувера мен Плуниан “Modality’s semantic map” атты мақалаларында модальділік категориясына өз көзқарастарын ұсынады. Аталған ғалымдар модальділікті «екі баламалы таңдаудан яғни, мүмкіндік және қажеттілік мағынасынан тұратын парадигма» ретінде анықтап, бұл кате-

горияны төрт түрге жіктейді: ішкі модальділік, сыртқы модальділік, деонтикалық және эпистемологиялық модальділік (Auwera & Plugian, 1998:80). Бұл модальділік түрлері мүмкіндік және қажеттілік деңгейлеріне бөлінеді. Ішкі мүмкіндік модальділігінде сөйлемде көрсетілген іс-әрекетті орындауға сөйлем субъектісінің қабілеттілігі мүмкіндік берсе, сыртқы мүмкіндік модальділігінде мүмкіндік субъектіден тыс факторлардан туындайды. Ішкі қажеттілік модальдігінде субъектінің ішкі қажеттілігі іс-әрекетті жүзеге асыруға итермелесе, сыртқы қажеттілік модальділігінде субъектіден тыс жағдайлар пропозицияда көрсетілген іс-әрекеттің жүзеге асуына алғышарт болады. Деонтикалық модальділік сыртқы модальділіктің субкатегориясы ретінде қарастырылады. Себебі «мүмкіндік туғызушы немесе қажеттілік туғызатын жағдайлар субъектіден тыс яғни, басқа адамдар, көбінесе сөйлеуші және/немесе қоғамдық немесе этикалық қағидалар субъектіге іс-әрекетті жүзеге асыруға рұқсат береді немесе міндеттейді» (Auwera & Plugian, 1998:81). Эпистемологиялық модальділікте мүмкіндік және қажеттілік деңгейлері сөйлеушінің өзі айтқан ойына сенімділігінің деңгейі ретінде көрсетіледі.

Аувера және Плуниан зерттеуінде модальділік категориясының жіктеуі нақты және анық, сонымен қатар мүмкіндік және қажеттілік парадигмаларымен шектеледі.

1-кесте – Аувера және Плуниан ұсынған модальділік түрлерінің жіктелуі

Мүмкіндік			Эпистемологиялық мүмкіндік (сенімсіздік)
Бейэпистемологиялық мүмкіндік			
Ішкі мүмкіндік (динамикалық, қабілеттілік)	Сыртқы мүмкіндік		Эпистемологиялық қажеттілік (айқындық)
	Бейдеонтикалық мүмкіндік	Деонтикалық мүмкіндік (рұқсат беру мағынасы)	
Ішкі қажеттілік	Бейдеонтикалық қажеттілік	Деонтикалық қажеттілік (міндеттеу мағынасы)	
	Сыртқы қажеттілік		
Бейэпистемологиялық қажеттілік			
Қажеттілік			

Модальділік категориясының типологиясына келесі бір топ зерттеушілер оны төмендегідей екі түрге бөледі: *субъективті модальділік* және *объективті модальділік*. Субъективті модальділік сөйлеушінің пікіріне қатысты болса, объективті модальділік сөйлеуші пікірінен тыс болады. Модальділікке қатысты

объективтілік және субъективтілік термині Лайонез (1977) еңбегінде қолданылғанымен, жіктеу Халлидей (1970) зерттеуінен басталып, Хенгевельд (2001), Г.А.Золотова (1973), Верстрит (2001) зерттеулерінде жалғасын тапты. Мәселен, модальділік категориясына берілген мына анықтамаға назар аударайық: 1)

пропозицияның ақиқат шындыққа жанасымдылығы; 2) сөйлем субъектісінің пропозицияда берілген іс әрекетке қатысы (яғни, субъект іс әрекетті жасай алады, жасауы керек немесе жасағысы келеді); 3) сөйлеушінің пропозицияда айтылған ойға сенімділік деңгейі (Золотова, 1973:93-97). Мұндағы алғашқы екі қатынас объективті модальділіктің мазмұнын құраса, үшіншісі субъективті модальділік болып табылады. Дегенмен, ғалымдар модальділіктің объективті және субъективті түрлерін субъектіге қатыстылық өлшеміне қоса, косымша өлшемдер ұсына отырып ажыратады.

Модальділіктің объективті және субъективтілік түрлерін алғаш көрсетушінің бірі Халлидей бұл категорияны функционалды аспекіден қарастырып, «модальділік» және «модуляция» терминдерін ұсынып, аражігін ашып көрсетеді. Ол модальділікті тілдің коммуникативтік, яғни «сөйлеушінің қоғам мүшесі және тұлға ретінде коммуникацияға түсу» қызметімен байланыстырады (Halliday, 1970:325). Модуляция тілдің когнитивтік қызметі, «мазмұн элементін» беретін тіл қызметімен байланысты болады (Halliday, 1970:326). Осылайша модальділік «сөйлеушінің мүмкінділік пен ықтималдылықты болжауы. Бұл болжам сөйлем мазмұнынан тыс және сөйлеуші көзқарасын, сөйлеушінің «мәлімдеуші» ретіндегі өзі айтқан ойға көзқарасын білдіреді деп анықтайды (Halliday, 1970:349). Бұл модальділікке берілген анықтамада эпистемологиялық модальділік те қамтылған. Ал «модуляция» сөйлем мазмұнын құрайтын жартылай модальділік ретінде қарастырылып, «сөйлем субъектісінің сөйлемде берілген іс әрекетке қатысын білдіреді» деп анықталған (Halliday, 1970:349). Модуляция Палмер ұсынған динамикалық модальділікті, атап айтқанда, қабілеттілік пен қалау мағынасын және деонтикалық модальділікті қамтиды. Халлидейдің көзқарасы бойынша модальділік пен модуляция қызмет ерекшеліктерімен қатар шақ, болымсыздық, етіс категорияларымен қатысы тұрғысынан және сөйлемде түрлі сипатталуымен ерекшеленеді. Модальділік пропозиция мазмұнынан тыс болғандықтан шақ, болымсыздық, етіс категориялары әсерінен де тыс. Алайда, модуляция шақтық өзгеріске түседі, болымды болымсыздық мағыналарына ие болады. Сондай-ақ, модуляциядағы қабілеттілік мағынасы үнемі өздік етіс формасында болса, міндеттілік/рұқсат беру мағыналары өзгелік етіс формасын қабылдайды.

Лайонез Халлидей ұсынған жіктемені теріске шығарып, эпистемологиялық модальділіктің субъективті ғана болмайтынына тоқталады. Субъективті және объективті эпистемологиялық модальділік сөйлеушінің ойының негізделу сапасына қарай ажыратылады. Объективті эпистемологиялық модальділікте сөйлеушінің ойы санауға болатын дерекке не мәліметке негізделсе, субъективті модальділікте сөйлеушінің ойы «жеке көзқарасына, естігеніне» негізделеді (Lyons, 1977:799).

Модальділік категориясының объективті және субъективті түрлерін бөліп көрсететін Верстрит өз жіктеуін үш грамматикалық шартқа негіздейді: 1) субъективті және объективті модальді етістіктердің шартты сөйлемнің бағыныңқы бөлімінде қолданылу ерекшеліктері; 2) модальді етістіктердің сұраулы сөйлемдерде қолданылу ерекшеліктері; 3) модальді етістіктердің шақпен қатынасы. Бірінші шарт бойынша объективті және субъективті модальділік айырмашылығы бағыныңқы сөйлемнің модальді етістік мағынасына әсері арқылы анықталады. Субъективті модальділік бағыныңқы сөйлемде қолданылғанда, ол сөйлем сөйлеушісінің ойын емес, алдыңғы сөйлемде айтылған ойды қайталайды (Verstraete, 2001:1518). Объективті модальділік бағыныңқы сөйлемде ешқандай өзгеріссіз қолданылады, яғни шартты сөйлем құрылымы модальділік мағынаға әсер етпейді. Нәтижесінде, қабілеттілік және қалау мағыналары үнемі объективті модальділік мағынаға ие болса, эпистемологиялық модальділік субъективті мағынада тұрады. Алайда деонтикалық модальділік мағынасының мәртебесін анықтау қиындық туғызады, себебі ол объективті және субъективті мәнге ие, яғни деонтикалық модальді етістік алдыңғы сөйлемде айтылған ойды қайталайды, кейде сөйлеушіден тыс қажеттілікті білдіреді. Екінші белгі бойынша объективті және субъективті модальділік сұраулы сөйлемдегі қызметі арқылы ерекшеленеді: «субъективті модальділік мағынасы сұраулы сөйлем құрылымы әсерінен тыңдаушыға бағытталса, объективті модальділік мағынасы өзгеріссіз қалады» (Verstraete, 2001:1521). Екінші белгі нәтижесі бойынша деонтикалық модальділік объективті және субъективті модальділік түріне жатады. Үшінші белгі шақ пен модальділік арақатынасына негізделген. Ғалым объективті модальділік шақтық мағынаға ие, алайда субъективті модальділік шақ мағынасынан тыс

болатындығын айтады. Жоғарыда талданған екі белгі бойынша үнемі объективті мағынаға ие қабілеттілік және қалау мағыналары өткен шақта өткен шақтағы қабілеттілік пен қалауды білдірсе, эпистемологиялық модальділік өткен шақ формасында сөйлеушінің өткен шақта жасаған болжамын емес, сенімсіздік мағынасын білдіреді. Деонтикалық мағынаға

келер болсақ, жалпы қажеттілік пен мүмкіндікті білдірсе, өткен шақ мағынасына ие болады, егер қажеттілік мен мүмкіндік сөйлеушіден туындаса, сөйлеушінің осы шақтағы қалауын білдіреді. Сондықтан деонтикалық модальділік объективті және субъективті сипатқа ие болып келеді. Верстрит ұсынған жіктеме кесте түрінде төменде көрсетілді.

2-кесте – Эпистемологиялық, деонтикалық және динамикалық модальділіктің субъективті-объективті сипаты

Модальділік түрі	Субъективті	Объективті
Эпистемологиялық	+	-
Деонтикалық	+	+
Динамикалық (қабілеттілік және қалау мағынасы)	-	+

Жоғарыда талқыланған Халлидей мен Лайонездің модальділікті объективті және субъективті түрлерге жіктеуінің айқындауды қажет ететін тұстары көп. Верстрит, бұл жіктемені қайта қарастырып, объективті және субъективті модальділік түрлерін нақты белгілер арқылы ажыратты. Алайда деонтикалық модальділіктің сипаты толық анықталған деп айту қиын.

Жалпы модальділік категориясының типологиясын жасауда жоғарыда талданған екі бағытты біріктіре отырып, модальділікті бағалау нысаны және бағалау аймағы тұрғысынан қарастырады. Бағалау нысаны сөйлемнің модальділік мағынасына ие бөлігін құрайды және бұл бағыттың өкілі Хенгевельд осы өлшемге сәйкес модальділіктің үш түрін бөліп көрсетеді: 1) субъектіге бағытталған модальділік; 2) іс-әрекетке бағытталған модальділік; 3) пропозицияға бағытталған модальділік. Субъектіге бағытталған модальділік «іс әрекет субъектісі (қасиеттері) мен іс әрекеттің

іске асу мүмкіндігі арасындағы қатынасты сипаттаса», іс-әрекетке бағытталған модальділік «сөйлеуші тұжырымынан тыс мүмкіндіктің және жалпы міндеттеулердің болуын сипаттайды», пропозицияға бағытталған модальділік сөйлеушінің пропозицияға субъективті көзқарасын білдіреді (Hengeveld, 2001:1193-1996). Екінші өлшем, бағалау аймағы бағалаудың қай тұрғыдан жасалуымен байланысты. Хенгевельд модальділікті екінші өлшем бойынша бес түрге ажыратады: 1) факультативті модальділік: ішкі және жүре пайда болған қабілеттілік мағыналарымен байланысты; 2) деонтикалық модальділік (заңды түрде, әлеуметтік тұрғыдан, моральды) рұқсат берумен байланысты; 3) қалау модальділігі тілек, ықыласпен байланысты; 4) эпистемологиялық модальділік ақиқат шындық туралы біліммен байланысты; 5) сөйлемде берілген ақпарат көзімен байланысты (эвиденшл) модальділік (Hengeveld, 2001:1193).

3-кесте – Модальділік түрлерінің синтезі

Аймақ \ Нысан	Субъект	Іс-әрекет	Пропозиция
Факультативті модальділік	+	+	-
Деонтикалық	+	+	-
Қалау	+	+	+
Эпистемологиялық	-	+	+
Сөйлемде берілген ақпарат көзімен байланысты (эвиденшл)	-	-	+

Ғалымның жоғарыда ұсынған жіктеуі бойынша факультативті және деонтикалық модальділік объективті модальділік түріне жатса, эвиденшл субъективті модальділік болып табылады. Алайда эпистемологиялық және қалау модальділік мағыналары субъективті және объективті болып келеді. Ғалым осылайша модальділік категориясының семантикалық

құрылымын анықтайды. Сонымен қатар, автор жоғарыда көрсетілген модальділік мағыналары тілде грамматикаланған формалар арқылы сипатталатынын айтады. Хенгевельд ұсынған модальділік жіктеуінде Лайонез, Халлидей және Верстрит жіктеулеріндегідей кей модальділік түрлері объективтілікпен қатар субъективтілік болмысқа ие.

4-кесте – Объективті және субъективті модальділік түрлерінің салыстырмалы жиынтығы

Автор	Объективті модальділік	Субъективті модальділік
М.А.К. Халлидей	қабілеттілік қалау деонтикалық	эпистемологиялық
Дж. Лайонез	эпистемологиялық	эпистемологиялық
Дж.С. Верстрит	Деонтикалық-динамикалық (қабілеттілік және қалау)	эпистемологиялық -деонтикалық
К. Хенгевельд	факультатив (қабілеттілік және жалпы мүмкіндік) деонтикалық қалау эпистемологиялық	қалау эпистемологиялық эвиденшл

Кестеде көрсетілгендей қабілеттілік мағына үнемі объективтілік болмысқа ие болса, деонтикалық және қалау мағыналары, көбіне, объективті модальділік түріне жатқызылады. Ғалымдар эпистемологиялық модальділікті субъективті модальділік құрамында қарастырады. Дегенмен эпистемологиялық модальділікте сөйлеуші пропозицияның ақиқат шындыққа жанасымдылығын өз білімі мен көзқарасына негіздейді. Сондықтан эпистемологиялық модальділікке субъективтілік тән, яғни объективті емес деп санаймыз.

Тіл қарым-қатынас құралы болғандықтан, оның барлық мүмкіндіктері сөйлеуде толық көрінеді. тілді бұл қырынан, функционалды бағытта зерттеу маңызды және ғылыми зерттеу парадигмасының антропоцентрлік ұстанымына сәйкес келеді. Қазақ тіліндегі модальділік категориясын функционалды бағытта С. Құлмановтың еңбегінде қарастырылған. Оның «Модальділік категориясының функционалды-семантикалық өрістері» атты мақаласында модальділік категориясының мынадай түрлері көрсетілген: міндеттілік модальділігі “сөйлеу мезгіліне қатысты келер шақта жүзеге асырылуы/асырылмауы тиіс реалды емес, потенциалды жағдаяттар” деп анықталады (Құлманов, 2011:525). Бұл ұсынылған «міндеттілік модальділігі» мазмұны ішкі және сыртқы қажеттілік модальділіктерінің мазмұнымен сәйкес. Алайда автор міндеттілік модальділік

мазмұнына деонтикалық модальділікті қоспайды; «айқындық модальділік» эпистемологиялық және эвиденшл модальділігімен мәндел және “сөйлеушінің көзқарасы тұрғысынан сөйлем мазмұнының ақиқат болмысқа сәйкестік дәрежесін білдіретін тілдік құралдар арқылы білдірілетін категория (Құлманов, 2011:551); «қалаулық модальділігі» сөйлеушінің қалауын, ынтасын көрсетіп, қазақ тілінде қалау рай мен оптатив райлары арқылы беріледі (Құлманов, 2011:580); «бұйрықтық модальділігі» болашақта іске асырылу керек іс- әрекетті білдіреді, қажеттілік, көбінесе, сөйлеуші тұрғысынан туындайды. Автор анықтамасында бұйрықтық модальділік мағынасы бір жағынан деонтикалық қажеттілік пен мүмкіндік мағынасымен сәйкес келеді. Себебі істі орындауға рұқсат беретін де, міндеттейтін де сөйлеуші болып табылады. Сонымен қатар, бұйрықтық модальділік өтініш және кеңес беру мағыналарын қамти отырып, сөйлеушінің қалауын білдіреді. «Мүмкіндік модальділігінің» семантикалық құрылымы мен қазақ тілінде берілу жолдары да С.Құлмановтың кандидаттық диссертациясында жан-жақты зерттелген. Ғалым мүмкіндік модальділігін “бір нәрсенің жүзеге асырылу/асырылмай мүмкіндігі” (Құлманов, 2006:51] деп анықтап, мүмкіндік модальділігінің семантикалық құрылымын жіктеуде Е.И. Беляева жұмысын негізге алады. Бұл тұста айта кететін бір жайт, С.Құлманов мүмкіндік модальділігі мазмұнына

ішкі және сыртқы мүмкіндік модальділік және деонтикалық мүмкіндік мағыналарын біріктіреді. Автордың зерттеуі бай эмпирикалық мысалдарға негізделген, автор модальділік категориясының мүмкін деген берілу жолдарын, грамматикаланған және грамматикаланбаған тіл бірліктерін қоса қарастырған. Осы тұста бұйрықтық модальділігімен байланысты мына жайтты айтып өткіміз келеді. Бұл модальділік мазмұны “міндеттілік”, “қалау” және “мүмкіндік” модальділік мағыналарымен астасып жатыр. Бұл аталған модальділік мағыналарын беретін ортақ категорияның болуымен, яғни бұйрық рай қызметімен байланысты. Бұйрық рай деонтикалық мағынамен қатар сырқы қажеттілік пен мүмкіндік мағыналарын және сөйлеушінің іс-әрекетке бағытталған жоғары деңгейдегі қалауын білдіреді.

Қорытынды

Қорыта келе, шетел тіл білімінде модальділік қажеттілік және мүмкінділік ұғымдарымен тығыз байланысты қарастырылады. Сонымен қатар, модальділік субъективтілік сипаты жағынан да түсіндіріледі. Модальділік категориясын зерттеуге арналған жұмыстарға шолу жасау нәтижесінде модальділік категориясының

сипаты мен мағыналық түрлерін анықтауда талас туғызатын тұстардың бары анықталды. Біріншіден, «модальділік» ұғымына берілген анықтама. Бұл сұраққа жауап беруде Байби мен Фличманның еңбегін негізге алып, модальділік категориясына былайша анықтама береміз: «Модальділік міндеттілік, қалау, болжау, ықтималдылық, сенімсіздік, уағыз, таңғалу сияқты түрлі семантикалық мағыналарды қамтиды. Бұл семантикалық мағыналардың негізгі қызметі сөйлем пропозициясының ең бейтарап қалпына қосымша, үстемелі мағына қосу болып табылады» (Bybee & Fleishman, 1995:2). Екіншіден, модальділік мағынасының шекарасын анықтау. Жоғарыда айтылғандай, жалпы эпистемологиялық модальділік сипаты модальділік категориясы ауқымында жан-жақты анықталған, ол сөйлеушінің пропозицияның ақиқат шындыққа жанасымдылығына көзқарасын білдіреді.

Әдебиттерге жасалған талдаулар деонтикалық және динамикалық модальділіктің толық анықталмағанын көрсетті. Деонтикалық және динамикалық мағыналарды Аувера мен Плунианның модальділікке берген анықтамасын негізге ала отырып анықтауға болады. Төмендегі кестеде модальділік категориясының болмысын зерделеуге қажет модальділік категориясының типологиясы көрсетілді.

5-кесте – Модальділік типологиясы

Мүмкіндік			
Бейэпистемологиялық мүмкіндік			Эпистемологиялық мүмкіндік (сенімсіздік)
Ішкі мүмкіндік (динамикалық, қабілеттілік)	Сыртқы мүмкіндік		
	Бейдеонтикалық мүмкіндік	Деонтикалық мүмкіндік (рұқсат беру мағынасы)	
Ішкі қажеттілік	Бейдеонтикалық қажеттілік	Деонтикалық қажеттілік (міндеттеу мағынасы)	Эпистемологиялық қажеттілік (айқындық) Эвиденшл
	Сыртқы қажеттілік		
Бейэпистемологиялық қажеттілік			
Қажеттілік			

Сонымен, сөйлем пропозициясына үстелген қосымша мағынаны, яғни модальділікті қажеттілік және мүмкіндік ұғымдары тұрғысынан түсіндіру маңызды. Модальділіктің ішкі және сыртқы, сондай-ақ, эпистемологиялық модальділік түрлері қажеттілік және мүмкіндік парадигмалары негізде сараланды. Ішкі мүмкіндік

модальділігі сөйлем субъектісінің қабілеттілігімен байланысты болса, ішкі қажеттілік модальдігінде субъектінің ішкі қажеттілігі әрекетті жүзеге асыруға итермелейді. Сыртқы мүмкіндік модальдігінде іс-әрекеттің жүзеге асуына мүмкіндік жасайтын фактор сөйлем субъектісінен тыс, яғни ол сөйлеушіден шығуы

мүмкін немесе жағдайға байланысты болуы мүмкін. Сыртқы қажеттілік модальділігінде іс-әрекеттің жүзеге асуын сөйлеуші немесе жағдай қажет етеді. Эпистемологиялық мүмкіндік сөйлеушінің өз ойының ақиқат шындыққа жана-

сымдылығына сенімсіздігін білдірсе, эпистемологиялық қажеттілікте өз ойын қандай да бір дерекке немесе білімге негіздегендіктен жоғары сенімділік көрінеді.

Әдебиеттер

- Bybee J., & Perkins R. Mood and modality. In *The evolution of grammar: Tense, aspect, and modality in the languages of the world*. – Chicago: University of Chicago Press, 1994.
- Perkins M. *Modal expressions in English*. – London: F. Pinter, 1983.
- Nauze F. *Modality in Typological Perspective: Ph.D. thesis*. –Amsterdam, Netherlands, 2008.
- Von Wright G. *An Essay on modal Logic*. –Amsterdam: North-Holland Publishing Company, 1951.
- Жанпейсов Е. Сөйлем модальділігі және оның қазақ тілінде берілу жолдары // Вестник Казахской Академии Наук ССР, 1959. –Выпуск. 1-2(8-9).–167-170 бб.
- Мамәділов Қ.А. Қазіргі қазақ тіліндегі модальдік конструкциялар: филол. ғыл. кандид.... дисс. –Алматы, 1996.
- Төлегенов О. Қазіргі қазақ тіліндегі жалпы модальдық және мақсат мәнді жәй сөйлемдер типтері. –Алматы: Мектеп, 1968. – 163 б.
- Hengeveld K. Illocution, mood and modality, in Wiegand, H.E. and Steger.H. (eds) *Handbücher zur Sprach – und Kommunikationswissenschaft*. –Berlin,New York: Walter der Gruyter6 2001.–Pp. 1190-1201.
- Palmer F.R. *Mood and modality*. –London: Cambridge university Press, 1986.
- Palmer F.R. *Modality and the English modals*. –London and New York: Longman,1990.–P. 220.
- Palmer F.R. *Mood and modality*. –London: Cambridge university Press, 2001.
- Coates J. *The semantics of the modal auxiliaries*. –London: Croom Helm, 1983.
- Van Der Auwera, J. & Plugian V.A. *Modality's semantic map*. // *Linguistic Typology*.–1998.–Vol. 2. –P. 79-124.
- Hofmann N.R. 'Past tense replacement and the modal system', in McCawley, J.D. (ed.) *Syntax and Semantics 7, Notes from the linguistic underground*.–New York: Academic Press, 1976.
- Jenkins L. *Modality in English Syntax*.–Indiana: Indiana University Linguistics Club, 1972. –114 p.
- Huddleston R.D. *An introduction to English transformational syntax*. –London: Longman, 1976.
- Sweetser E.E. *Root and epistemic modality: causality in two worlds* // *Berkeley Linguistic Society Papers*. –1982.–Vol 8. – Pp. 162-185.
- Lyons J. *Semantics*. –Cambridge: Cambridge University Press, 1977.
- Halliday M.A.K. *Functional diversity in Language as Seen from a Consideration of Modality and Mood in English* // *Foundations of Language*.–1970.–Vol.6. –Pp. 322-361.
- Золотова Г.А. Модальность в системе предикативных категорий // *Otazky slovanske syntaxe*. – Brno, 1973. – С. 93-97.
- Verstraete J.C. *Subjective and objective modality: Interpersonal and ideational functions in English modal auxiliary system*. // *Journal of Pragmatics*. –2001. –Vol.33.–Pp. 1505-1528.
- Құлманов С. Модальділіктің функционалды-семантикалық өрістері. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. – Алматы, Dike Press, 2011.–225-265 бб.
- Құлманов С. Қазақ тіліндегі мүмкіндік модальділігінің функционалды-семантикалық өрістері: филол. ғыл. кандид.... дисс. –Алматы, 2006.
- Bybee J., & Fleishman S. *Introduction*. In *Modality in grammar and discourse*. –Amsterdam: J. Benjamins, 1995.

References

- Bybee J., & Perkins R. (1994) *Mood and modality*. In *The evolution of grammar: Tense, aspect, and modality in the languages of the world*. –Chicago: University of Chicago Press.
- Bybee J., & Fleishman S. (1995) *Introduction*. In *Modality in grammar and discourse*. –Amsterdam: J. Benjamins.
- Coates J. (1983) *The semantics of the modal auxiliaries*. –London: Croom Helm.
- Jenkins L. (1972) *Modality in English Syntax*.–Indiana: Indiana University Linguistics Club. –114 p.
- Hofmann N.R. (1976) *Past tense replacement and the modal system*, in McCawley, J.D. (ed.) *Syntax and Semantics 7, Notes from the linguistic underground*. –New York: Academic Press.
- Huddleston R.D. (1976) *An introduction to English transformational syntax*. –London: Longman.
- Halliday M.A.K. (1970) *Functional diversity in Language as Seen from a Consideration of Modality and Mood in English* // *Foundations of Language*. –Vol.6. –Pp. 322-361.
- Hengeveld K. (2001) *Illocution, mood and modality*, in Wiegand, H.E. and Steger.H. (eds) *Handbücher zur Sprach –und Kommunikationswissenschaft*.–Berlin,New York: Walter der Gruyter. –Pp. 1190-1201.
- Lyons J. (1977) *Semantics*. –Cambridge: Cambridge University Press.
- Mamadilov Q.A. (1996) *Qazirgi qazaq tilindegi modal'dik konstrukciyalar: filol. gyl. kandidat.... disser. [Modality constructions in modern Kazakh language: thesis for the degree of candidate of philology sciences]*. –Almaty, Kazakhstan (in Kazakh).

- Nauze F. (2008) *Modality in Typological Perspective*: Ph.D. thesis –Amsterdam, Netherlands.
- Perkins M. (1983) *Modal expressions in English*.–London: F. Pinter.
- Palmer F.R. (1986) *Mood and modality*. –London: Cambridge university Press.
- Palmer F.R. (1990) *Modality and the English modals*. –London and New York: Longman.–p. 220.
- Palmer F.R. (2001) *Mood and modality*. –London: Cambridge university Press.
- Qulmanov S. (2006) Qazaq tilindegi mümkindik modaldiliginin funkcionaldı-semantikalıq öristeri: diss ... kand.filol. nauk [Functional-semantic field of possibility modality in Kazakh]–Almatı. –Pp. 1-155. (in Kazakh).
- Qulmanov S. (2011) Modaldiliktin funkcionaldı-semantikalıq öristeri. Malbaqov M. (Redaktor) Qazaq tilinin funkcionaldi grammatikasi [Functional-semantic fields of modality. In M. Malbaqov (Ed), *Functional grammar of Kazakh language*]. –Almaty: Dike Press, 2011.–Pp. 225-265 (in Kazakh).
- Tölegenov O. (1968) Qazirgi qazaq tilindegi žalpı modal’dıq žäne maqsat mändi žay söylemder tiypteri [Modality and types of clauses of purpose in Kazakh] –Almatı: Mektep.–p. 163. (in Kazakh).
- Sweetser E.E. (1982) Root and epistemic modality: causality in two worlds // *Berkeley Linguistic Society Papers*.–Vol 8. – Pp. 162-185.
- Von Wright G. (1951) *An Essay on modal Logic*. –Amsterdam: North-Holland Publishing Company.
- Van Der Auwera, J. & Plugian V.A. (1998). *Modality’s semantic map*. // *Linguistic Typology*. –Vol. 2. –Pp. 79-124.
- Verstraete J.C. (2001) Subjective and objective modality: Interpersonal and ideational functions in English modal auxiliary system. // *Journal of Pragmatics*. –Vol.33. –Pp. 1505-1528.
- Žanpeysov E. (1959) Soylem modal’diligi jane onin qazaq tilinde berilu zholdari [Sentential modality and its means of expression in Kazakh]. // *Herald of Kazakh SSR Science Academy*. –Vol. 1-2(8-9). –Pp. 167-170.
- Zolotova G. A. (1973) *Modalnost’ v systems predikativnykh kategorii* [Modality in the predicative category] – *Otazky slovanske syntax*. – Brno – Pp. 93-97 (in Russian).